				<p>қалыптастыру</p> <p>Пререквизиттер: Морфология, фонетика, Тіл біліміне кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер: Жалпы тіл білімі, Қазақ тілінің тарихи грамматикасы</p>	
14	МББМ 1.2 Қазіргі қазақ тілі	ККТЛ 3208	Қазіргі қазақ тілі: лексикологиясы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Лексикалық бірліктер арқылы сөз байлығын, ұлттық тілдің қуатын, әдеби тілдің нормаларын, терминдік бірліктерді, барша сөздік құрам арқылы сөз табиғатын, тілдің лексикалық болмысын, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты тіл әлемі арқылы танып-білу</p> <p>Қысқаша мазмұны: Қазіргі қазақ тілі: лексикологиясы пәнін оқытудың мақсаты - тіл біліміндегі қазақ тілі лексикалық жүйесінің ғылыми теориялық негіздері меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің сөз байлығын жетілдіру, ой-өрісін кеңейту болып табылады</p> <p>Пререквизиттер: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазақ тілінің диалектологиясы, Лингвистикалық терминдер теориясы</p> <p>Постреквизиттер: Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазақ тілінің синтаксисі, Қазақ тілін оқыту әдістемесі</p>	3
15	МББМ 1.2 Қазіргі қазақ тілі	ККТSyn 3209	Қазіргі қазақ тілі: синтаксис	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Синтаксистің салаларын атап айтқанда, сөз және оның формаларының синтаксисін, сөз тіркесі синтаксисін, сөйлем синтаксисін (жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі), мәтін синтаксисін, пунктуация туралы теориялық білімді меңгерту, синтаксистік талдау жасай білуге үйрету</p> <p>Құзыреттілігі: сөйлеу қабілеті мен дағдысын дамытады,</p> <p>Пререквизиттер: Пәнді оқыту барысында студенттерге сөздердің мағынасы, шығу термині, стильдік мәні мен сипаты, қолдану мүмкіншілігі туралы, жалпы айтқанда, тілдің лексикалық жүйесі жөнінде жан-жақты мағлұмат беру көзделеді</p> <p>Постреквизиттер: қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы, қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.</p>	3
16	МББМ 1.2 Қазіргі қазақ тілі	ККТSr 4210	Қазіргі қазақ тілінің стилистикасы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Стилистика – тіл саласының негізгі саласының бірі. Тілдік элементтердің дұрыс, әсерлі қолданылуын өзінің объектісі санайтын стилистика тіл білімінің барлық салаларымен тығыз байланысты екендігі, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы түсінік беру.</p> <p>Қысқаша мазмұны: «Қазақ тілінің стилистикасы» – стилистика, стиль сөйлеу тілі, қарым-қатынас, хабарлау, әсер ету құралы болып саналатын тілдік элементтердің (дыбыс, сөз тіркестері, екпін, интонация) сөйлеу, жазу барысында белгілі бір әдеби нормаға сай дұрыс та әсерлі қолданылуын, көңілдегі көрікті ойдың тіл арқылы айқын да анық жеткізілуін, эмоционалды-экспрессивті бояуы бар амал-тәсілдері орынды, тиімді болу жақтарын мақсат етеді.</p> <p>Құзыреттілігі: Стилистикалық мағына түрлері: бейтарап мағына, эмоционалды-экспрессивті</p>	3

				<p>мағына түрлерін ажыратуды мәтіндер арқылы жаттығып, түсінігін кеңейту.</p> <p>Пререквизиттер: қазақ тіліндегі дауысты дауыссыз дыбыстар жүйесі, сөздің тура ауыспалы, қосымша мағыналары және олардың жасалуы</p> <p>Постреквизиттер: Тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық талдау, Қазақ әдеби тілінің тарихы</p>	
17	МББМ 1.3 Қазақ әдебиеті модулі	KhAA 3211	Халық ауыз әдебиеті	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Қазақ халқы өзінің қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, hareket-кәсібі, дүниетанымы мен наным-сенімі, қуаныш-қайғысы, арман-үміті және т.б. жайында сан алуан түрлі өлең-жыр, аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер шығарып және оны ауызша айту арқылы таратқан. Фольклорлық мұралар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып біздің заманымызға жеткен. Мазмұн-мәні терең көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзіндік сипатын танытып, студенттерге тағылым беру көзделеді.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Халық әдебиетінің көп қырлы болмыс-бітімі мен синкреттілігі, әдет-ғұрып, наным-сенім, өнердің басқа түрлерімен байланыста болуы. Қазақ фольклорының халықтық сипатта болуы.</p> <p>Фольклортану – халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін классикалық ғылым саласы. Фольклортану ғылымының басты объектісі мен негізгі міндеті халық шығармашылығын зерттеу екендігі. Фольклордың қалыптасу, даму тарихы жөніндегі ой-пікірлер. Халық өнерінің түрлері және олардың ішінде фольклордың алатын орны. Фольклортанудың әдебиеттану, тіл, этнография, тарих, археология, философия, мәдениеттану, психология т.б. ғылым салаларымен байланысы.</p> <p>Қүзіреттілігі: Фолклористика мәселелерінің теориялық аспектілерін, мәтінді кешенді түрде зерттеу машықтарын білуі керек. Студенттер бұл курсты оқу барысында жинаған білімдерін алдағы кәсіби қызметінде, ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланады.</p> <p>Пререквизиттер: Қазақ әдебиетінің тарихы; - Көне дәуірдегі әдебиет; - Шетел әдебиетінің тарихы; - Әдебиеттануға кіріспе.</p> <p>Постреквизиттер: Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері; Әдебиеттің ғылыми-философиялық негіздері; Әдебиеттану ғылымындағы жаңа бағыттар.</p>	4
18	МББМ 1.3 Қазақ әдебиеті модулі	EDA 1212	Ежелгі дәуір әдебиеті	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: қазақ әдебиетінің саласы ежелгі және хандық дәуір әдебиетін ғылыми-теориялық негізде таныту; алған білімдерін толықтыра отырып, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану. Білім алушының өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланып, әдеби тілде сөйлеп, бәйіттер мен жыраулардың толғауларын тіл және әдеби тұрғыдан талдай білу;</p> <p>Қүзіреттілігі: қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесін: ол үшін қазақ халқының тарихын, басынан кешкен бел-белестерін, қазақ әдебиетінің зерттелуін, әдебиетті жүйелеудің басты принциптері мен үлгілерін жақсы танып білу;</p> <p>Пререквизиттер: Халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе</p>	3

				<p>Постреквизиттер: Хандық дәуір әдебиеті, XX ғасыр әдебиеті, Қазіргі дәуір әдебиеті</p>	
19	<p>МББМ 1.3 Қазақ әдебиеті модулі</p>	<p>XX GKA 3213</p>	<p>XX ғасыр қазақ әдебиеті</p>	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: «XX ғасыр басындағы әдебиеті» пәнінде қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең болған XX ғасырдың басындағы небәрі жиырма жылмен шектелетін тарихи қысқа дәуірдегі әдеби процесі қамтитын бұл пәннің аясында студенттерге, болашақ филолог мамандарға аталмыш кезеңдегі ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуының жайынан мәлімет беріледі.</p> <p>Қысқаша мазмұны: XX ғасыр басындағы саяси-экономикалық жағдай Абай өмір сүрген дәуірден бөлек еді. 1968 жылғы капитализмге жол ашқан нizamның ескі құрылысты біраз ыдыратып, «күрт өзгеріс» туғызуына қарамастан, крепостнойлық тәртіп жойылмай, қазақ даласында феодализм, отаршылдық саясат толығымен өмір сүріп келді. Сонымен қатар бұл кезеңде капитализм нышаны едәуір айқындалып, оның да қайшылықтары көзге түседі. Қала, сауда, зауыт, фабрика, темір жолдың дамуы соның айғағы. Капитализм ағымы ауыл шаруашылығына да еніп, шаруалардың жаппай кедейленуі, байларға арзан жұмыс қолы болып жұтауы күшейе түседі. Сөйтіп феодалдық және капиталистік қанау елді қос тақымға алады. Оның үстіне би, болыс, ұлықтардың жемі болған бұқара халық патшалық-отаршылдық езгіде болды. Ел басына түскен алым-салықтың ауыртпалығын шаруалар көтерді. Ұрлық, өтірік, барымта, айтыс-тартыс, зорлық-зомбылық және паракорлық дегеннің шегі болмады. Ұзамай-ақ, Ресей жерінде халық азаттығы күресінің теңізі шалқып, тап күресінің ұлы бір кезеңі басталып кетеді. Оның бастамасы 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс болған-ды.</p> <p>Құзыреттілігі: Халық арасында табиғатты қорғау білімін насихаттау мен экологиялық тәрбие мәселесін ұғындыру.</p> <p>Пререквизиттер: Қазақ әдебиеті, Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті, Қазақ әдебиеті сынының тарихы.</p>	3
20	<p>МББМ 1.3 Қазақ әдебиеті модулі</p>	<p>ККА 4214</p>	<p>Қазіргі қазақ әдебиеті</p>	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат қарым-қатынастары жаңаша талдануға тиіс.</p> <p>Құзыреттілігі: Студенттер тақырып таңдау, материал жинау, конспект жазуды меңгере біледі, ақын-жазушылар шығармаларын ажырата алады, ақын-жазушылар шығармаларының идеялық, эстетикалық мазмұнын аша білуге дағдыланады, ақын-жазушылар шығармаларынталдаудағы оның табиғатын біледі.</p> <p>Пререквизиттер: 1960-2000 жылдардағы қазақ әдебиеті, Қазіргі дәуір әдебиеті, Әдебиет теориясы, Түркі халықтарының әдебиеті</p>	

				Постреквизиттер: Қазақ әдеби тілінің тарихы, Тіл мәдениеті	
Мамандандыру бойынша білім беру бағыты №2 "Журналистика негіздері"					
Образовательная траектория №1 "Основы журналистики"					
21	МББМ 1.1 Жалпы траектория модулі	АТН 2201	Әдебиеттану талдаудың негіздері	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Курстың мақсаты студенттердің әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін белгілі бір монистикалық қасаңдықпен қарастырмай, барынша тиімді, ашық және жан-жақты қарастыра отырып, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге баулу, пән бойынша білім (дағды) алуы</p> <p>Қысқаша мазмұны: Әдебиет теориясы - әдеби шығармашылықтың табиғаты мен адамзаттық қызметін зерттейтін және оны талдаудың методологиясы мен методикасын айқындайтын әдебиеттану ғылымының саласы. Әдебиет теориясының зерттеу объектісі үш түрлі мәселені қамтиды: қаламгердің болмысты бейнелеудегі суреткерлік шеберлігін, шығарманың әдеби көркемдік құрылымын, әдеби процесті.</p> <p>Пререквизиттер: Халық ауыз әдебиеті;</p> <p>Постреквизиттер: Ежелгі дәуір әдебиеті; ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы; Әлем әдебиетінің тарихы; ХІХ ғасыр әдебиетінің тарихы; Қазақ әдебиетінің тарихы (1900-1940 жж.) Әдебиет теориясы; Қазақ әдебиетінің сынының тарихы</p>	3
22	МББМ 1.1 Жалпы траектория модулі	ТВОМ 1202	Тіл білімінің өзекті мәселелері	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Педагогика факультетінің бакалавриат сатысында оқытылатын бұл курстың мазмұны әдебиеттану мен тіл білімі пәндерін қайталау емес, соларды негізге ала отырып филологияның тарихы мен теориясының жекелеген салаларына тереңдей еніп, қайшылығы мол әр-түрлі тұжырымдарды салыстыра қарастыру болып табылады.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Қазіргі тіл білімінің және тарихи тіл білімінің проблемалары мен өзара байланысы. Тіл туралы ғылымның кумулятивтік даму сипаты. ХІХ-ХХ ғасырлардағы лингвистикалық мектептер мен олардың тіл білімінің теориялық мәселелерін дамытуға қосқан үлестері. Лингвистикалық идеялардың жалпы даму тенденциялары, олардың Батыс Еуропа мен АҚШ-тың лингвистикалық мектептерінде қолданылуы. Тіл біліміндегі тарихи-салыстырмалы және тарихи салғастырмалы зерттеулер, олардың қазіргі мәселелермен байланысы.</p> <p>Құзіреттілігі: Қазіргі тіл білімінің негізгі сипаты. Лингвистика саласындағы негізгі парадигмалар, қазақ тілі, жалпы тіл білімінің органикалық бөлігі. Қазақ тіл біліміндегі көкейкесті бағыттар. Қазақ тіл білімінің басым принциптері және олардың қазақ тіл білімінде іске асуы. Антропоцентризмдік принцип және оның жаңа шешімі. Әлем сипатының тілдік мәселелері. Тілдік семантика, лексикалық таксономия, функционалды грамматика, функционалды синтаксис, номинация мәселелері. Жаңа бағыттардың және тіл білімі салаларының ғылымдар тоғысында қалыптасуы.</p> <p>Пререквизиттер: тіл біліміне кіріспе, жалпы тіл білімі, лексикология, қазіргі қазақ тілі, тарихи грамматика.</p> <p>Постреквизиттер: тіл білімінің философиялық</p>	4

				мәселелері, өнер тарихы мен теориясы, дінтану.	
23	МББМ 1.1 Жалпы траектория модулі	ТВТ 4303	Тіл білімінің тарихы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Студенттерді тіл білімінің негізгі ұғымдарымен, терминдерімен таныстырып, оның басты – басты теориялық мәселелерінен хабардар ету. Тіл білімінің негізгі тұжырымдары мен топшылауларын ,соңғы зерттеулердің нәтижелерін, тіл біліміндегі бағыттар мен тілдің онтологиясын баяндап беру. Алған білімдерін бекітіп, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру .</p> <p>Қысқаша мазмұны: Тіл білімінің тарихы пәні – жоғары оқу орындарының филология мамандығында өтілетін теориялық пән. Пәннің негізгі мақсаты мен міндеті тіл білімінің негізгі ұғымдары мен терминдерін қарастырып, оның басты- басты теориялық мәселелерін баяндап беру. Тіл білімінің тарихын зерттеу нысаны мен тілдің анықтамасы; тілдің шығуы мен даму; тіл мен ойлау; тілдің құрылымдық, жүйелілік сипаты, тілдің қызиеттері; тілдердің жіктелуі; жазудың шығуы мен дамуы қарастырылады.</p> <p>Постреквизиттер: Бұл пәнде алынған білім қазіргі қазақ тілінің салалары фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксисті жалпы тіл білімімен байланысты пәндерді оқу барысында пайдаланылады.</p>	3
24	МББМ 1.1 Жалпы траектория модулі	КМЛТ 1204	Көркем мәтін лингвотану	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Ғылыми ой-өрісті қалыптастыруда тіл білімі тарихының ғылыми білім ретінде пайда болуы ерекше рөл атқарады. Жалпы тіл біліміЛингвистикалық әдістер тіл ғылымының әр сатысындағы философиялық дүниетаныммен және ғылыми методологиялық таныммен терең байланысын, тіл теориясының әр түрлі мектептерге, бағыттарға және концепцияларға тән процестерге тәуелділігін түсінуге мүмкіндік береді. Лингвистика ілімі тарихы әр кезеңдегі ғылым алдына қоятын қоғамдағы әлеуметтік-мәдени шарттардың шектес ғылымдармен және олардың практикалық шешімдерімен тікелей байланысты постулатын түсінуге көмектеседі.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Адамның рухани әлемін, оның адамгершілік бүкіл ішкі сезім қасиеттерін қалыптастырып байытуда әдебиет пен ана тілі пәндерінің атқарар қызметі ерекше. Көркем туындыны толық, терең әрі жан –жақты түсіну оны талдаудың түр-түрін жетік менгеріп, оларды жоғары мәдениеттілікпен ғылымдық сапада жүргізуді керек етеді. Олардың қай-қайсысында да зерттеушінің алдына әдеби шығарманың шынайы, көркем табиғатын тану мақсаты қойылады. Көркем әдебиет сөз арқылы жасалады. Көркем ойды бейнелейтін тіл құралдарының эстетикалық қасиетін ашу, сыры мен сынын түсіну бағытында аз жұмыс істеген жоқ. Оның алғашқы қадамдары көрнекі орыс ғалымдары А.А.Потебня, С.М.Пешковский, Л.В.Шерба, Г.О.Винокур, В.В.Виноградов еңбектерінен басталады. Кезінде академик Л.В.Шерба мектептер мен гимназияларда әдебиет пәнін оқытудың жайына көңілі толмай, өз сабақтарында әдебиетті талдаудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданған еді. Оны өзі былай: «Әдеби шығарманың идеялық және сонымен байланысты</p>	1

				<p>эмоциялық мазмұнын бейнелейтін тілдік құралдарды ашып көрсету», - деп түсіндірді. Оның пікірінше, көркем мәтінді талдау әдістемесін тілшілер де, әдебиетшілер де бірдей дәрежеде меңгерту керек. «Көркем шығарманы түсіну тар тілдік шеңберде қалуға да, немесе тек интуицияға сүйеніп шығарманың идеясы туралы жайдақ пікір айтуға да болмайды. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәнінің объектісі - көркем шығармадағы тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысы. Әдеби туындыда пайдаланылған тілдік элементтердің мағына мазмұнын, эстетикалық қыметін ашып анықтау-курстың негізгі мақсаты. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау соңғы курста жүргізіледі. Ол басқа тілдік және әдебиеттік пәндерді аяқтап, қорыта отырып ол пәндерден алған білімдерді бекітіп, ұштайды. Сөйтіп, болашақ тілші, әдебиетші маманға керек білік, дағдыларды қалыптастыруға зор үлес қосады. Көркем мәтін аяқталған, біртұтас күрделі құрылым ретінде қаралады. Оның эстетикалық тұрғыдан ұйымдасқан тілдік формасы мәтіннің идеялық- көркемдік мазмұнын бейнелейді. Курстың міндеті – осы біртұтас күрделі құрылымды талдап түсіндіру, оның ұйымдасу механизмін ашу. Бұл міндет мәтінді тілдік және тілдік – стилистикалық талдаулар арқылы жүзеге асады.</p> <p>Күзиреттілігі: филолог-студенттердің жалпы лингвистикалық дайындығын тереңдету, тіл теориясының өзекті мәселелері бойынша білімдерін жинақтау, тіл білімі ғылымының қалыптасу және дамуын, сонымен қатар лингвистикалық талдаудың әдістерін меңгеру;</p> <p>Пререквизиттер: Жалпы тіл білімі</p> <p>Постреквизиттер: Қазақ тілінің теориялық курстары</p>	
25	МББМ 1.2 Оқу зерттеу модулі	ККТГ 3205	Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: қазіргі қазақ тілі бойынша алынатын білімді тереңдете отырып, қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, даму, толығу жолдарымен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің рөлін, фонологиялық жаңалықтарын, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық, номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себеп-салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б. ғылыми негізде кешенді түрде оқыту. Пән – фундаментальды теориялық курс болғандықтан, студенттердің теориялық білігі мен тарихи танымын ғана жетілдіріп қоймай, практикалық дағдылар беруді де міндет етеді. Семинар сабақтары мен лабораториялық жұмыстар кезінде тарихи мұрағаттар тілі талданып, сөз семантикасы мен этимология нақты деректер негізінде талдануға тиіс. Сондықтан мұндай дәріс түрлерінде студенттердің көне түркілік ескерткіштер тілін талдауы басты бағыт ретінде ұсынылады.</p> <p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>Күзиреттілігі: қазақ халқының этногенездік</p>	3

				<p>құрамына сәйкес халық тілінің қалыптасу ерекшеліктерін, тіл дамуының негізгі кезеңдері мен жолдарын білу; көне түркілік жазба ескерткіштер мен орта ғасырлық мұрағаттар тілін лексика, грамматикалық, фонетикалық жағынан талдау жасай білу; қазіргі қазақ тілі мен, өзге түркі тілдерімен салыстары отырып, даму ерекшеліктерін саралауы, этимологиялық, этнолингвистикалық талдаулар жасай білуі қажет</p> <p>Пререквизиттер: дәріс уақытында берілген материалды толық меңгеру; ОСӨЖ тапсырмаларын оқытушы белгілеген уақытта тапсырып отыру; СӨЖ тапсырмалары бойынша ғылыми-практикалық жұмыстар жүргізу; тиісті жаттығу жұмыстарын уақытында тапсырып отыру; технологиялық картада көрсетілген бойынша ұпай жинау.</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілі, Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі, Көне түркі тілі, Түркітануға кіріспе</p>	
26	МББМ 1.2 Оқу зерттеу модулі	KARZh 3206	Қазақ әдебиетіндегі роман жанры	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Қазіргі қазақ романдарының әдеби процестен алар орнын айқындай отырып, қазақ прозасының даму ерекшеліктерін, қазіргі роман жанрларының өзіндік табиғатын айқындау.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Роман жанры туралы түсінік. Роман жанрын жіктеудегі принциптер. XX ғасыр басындағы қазақ прозасындағы роман жанрының қалыптасу және даму ерекшеліктері. Тарихи романның зерттелуі. Кеңес дәуіріндегі қазақ зиялыларының тұрмыс тіршілігімен, таптық тартыстарды бейнелейтін романдар. Ұлы Отан соғысына арналған, соған қатысты оқиғаларды бейнелейтін романдар. С.Мұқановтың өмірбаяндық трилогиясының алғашқы кітабы. С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романындағы жазушы ізденістері. І.Есенберлиннің шежірелік сипаттағы романдары. С.Сматаевтың «Елім-ай», Ә.Әлімжановтың «Жаушы» романдарындағы жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық үшін күрестің көрінісі. Тарихи романдарды ерекше тездікпен даму сипаты. З.Ақышевтің «Жаяу Мұса» тарихи ғұмырнамалық шығармасы. Романдағы көрініс тапқан таптық, әлеуметтік қайшылықтар. Ә.Кекілбаевтің «Үркер», «Елең -алаң» романдарының шығармашылығында алатын орны, қаламгердің өзіндік қолтаңбасының көрінуі. Т.Жұртбаевтың «Талқы» шығармасындағы шындықтың ақиқат көрінісі. Б.Момышұлының «Артымызда Москва» романының идеялық көркемдік ерекшелігі. А.Тоқмағамбетовтің «Жыр күмбезі» романындағы автордың көркемдеу тәсілдері. Т.Зекенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» романының идеялық-эстетикалық нысанасы</p> <p>Құзыреттілігі: Қазіргі қазақ романдарының әдеби процестен алар орнын айқындай отырып, қазақ прозасының даму ерекшеліктерін, қазіргі роман жанрларының өзіндік табиғатын айқындау.</p> <p>Пререквизиттер: Роман жанрын ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, түсіну және оның көркемдік-эстетикалық даму жолдарын пайымдау; Романның жанрлық ерекшелігі, туу, қалыптасу, даму тарихы</p>	3

27	МББМ 1.2 Оқу зерттеу модулі	AIANO 2208	Әдебиетті инновациялық әдістеме негізінде оқыту	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздерін, осы заманғы жаңа технологиясын, озық әдістемелік тәсілдер мен оларды пайдалану жолдарын көрсету. Алдыңғы қатарлы әдістемелік үлгілер, мектептер, жекелеген әдіскерлер тәжірибесін меңгерту.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Инновациялық әдістемелері. Инновациялық әдістемелердің құрылымы, кең мағынада ғылыми танымның тәсілі немесе ғылыми әдістің өзі болып табылуы. Әдіс – бұл белгілі бір қорытындыға жетуге көмектесетін әрекеттердің жиынтығы екендігі. Эмпирикалық ғылымның негізін салушылардың бірі - Ф.Бэкон танымның әдісін циркульмен салыстыруы. Әрбір адамның ойлау қабілетінің деңгейі әртүрлі, сол себепті барлық адамдардың жетістікке жетуге деген мүмкіндіктерін теңестіру үшін белгілі бір құрал керек. Ғылыми әдіс осындай құрал болып табылуы. Сондай – ақ, әдіс адамдардың мүмкіндіктерін теңестіріп қана қоймай, олардың іс - әрекетін біркелкі жасап, ғылыми зерттеулердің ұқсас нәтижесін алуға ықпал етуі. Ғылыми әдістер эмпирикалық және теориялық әдістер болып бөлінуі. Эмпирикалық әдістерге жататындар: 1) бақылау – объективті шынайылықты арнайы түрде қабылдау; 2) суреттеу – объектілер туралы мәліметті табиғи және жасанды тілдің көмегімен бекіту; 3) өлшеу - объектілерді ұқсас қасиеттері немесе белгілері бойынша салыстыру; 4) тәжірибе жасау – құбылысқайталанған кезде қажетті жағдайлар қайталақғанына байланысты өзгерістерді арнаулы дайындалған орындар арқылы бақылау.</p> <p>Қүзіреттілігі: әдебиетті оқытудың тиімді жолдарын білуі тиіс; әдебиет сабақтарында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдерін білуі тиіс; мәтінді кешенді талдау негіздерін білуі тиіс; оқыту технологияларын білуі тиіс; әр технологияның тиімді, тиімсіз жақтарын саралап, өзіндік икем-дағдысын қалыптастыра білуі тиіс.</p> <p>Пререквизиттер: Әдебиеттану, Педагогика, Психология, Қазақ әдебиетін оқыту методикасы</p> <p>Постреквизиттер: Тіл білімінің және әдебиеттанудың философиялық-әдістемелік мәселелері</p>	3
28	МББМ 1.2 Оқу зерттеу модулі	KL 3209	Қазақ лирикасы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиет тегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат қарым-қатынастары жаңаша талдануға тиіс.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындау. Ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптері не теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдеу, әдебиетті қоғамдық ой-санамен қабаттастыра зерделеу, студенттердің рухани жетілуіне, оның қоғамды</p>	3

				<p>қ-саяси, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру. Бүгінгі проза мен поэзияның өзіндік ерекшеліктерін айқындау.</p> <p>Қүзіреттілігі: ақын-жазушылар шығармаларының көркемдік ерекшелігін талдай білуі тиіс; ақын-жазушылар шығармаларының образдар жүйесін талдай білуі тиіс; ақын-жазушылар шығармаларының идеясын аша білуі тиіс; ақындар өлеңдерін жатқа білуі тиіс.</p> <p>Пререквизиттер: 1960-2000 жылдардағы қазақ әдебиеті, Қазіргі дәуір әдебиеті, Әдебиет теориясы, Түркі халықтарының әдебиеті</p> <p>Постреквизиттер: Қазақ әдеби тілінің тарихы, Тіл мәдениеті</p>	
29	МББМ 1.2 Оқу зерттеу модулі	AS 4210	Әдеби сын теориясы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Әдеби сын туындыларымен таныстырып, әр кезеңдегі сын сипатымен таныстыру.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Әдеби сын теориясы - қазақтың ұлттық көркем әдебиетін зерттейтін ғылым. Қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы, сыны, сондай-ақ мәтіні мен библиографиясын қарастыратын салалары бар. Қ. ә. ғ-ның мақсаты мен міндеті – қазақ әдебиетінің туу, қалыптасу және даму жолдарын зерттеу, әдеби құбылыстар мен сыншылдық-эстетик., әдеби теор. және ғыл.-зерттеушілік ой-пікірлерді анықтап, ғыл. жүйеге түсіру және әр түрлі қоғамдық-әлеум. жағдайлар барысында ұлттық әдебиеттің халық руханиятына, қоғамдық сана-сезімі мен ұлттық таным білігіне жасайтын ықпалын айқындау</p> <p>Қүзіреттілігі: әдеби сын жөнінде түсініктері болуы, көркем шығарманы әдеби сын тұрғыда талдау талаптарын орындау</p> <p>Пререквизиттер: Қазақ халық ауыз әдебиеті, Қазақ әдебиетінің тарихы, Әдебиеттануға кіріспе</p> <p>Постреквизиттер: Әдебиет теориясы, Тарихи поэтика</p>	3
30	МББМ 1.3 Фольклор және әдебиет	KFP 3211	Қазақ фольклорының поэтикасы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Қазақ фольклорын жеке пән ретінде оқыту арқылы халқымыздың сан ғасыр бойына жасаған рухани мәдениеті – фольклорлық мұраларды терең жан-жақты таныстыру мақсат етіледі. Мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзінше сыр-сипатын танытып, жастарға тағлым беру көзделеді.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Бұл пән бойынша мынадай теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: фольклор, халық даналығы, ауызша сөз өнері, халық поэзиясы ұғымдары. Фольклор табиғаты, өмір сүру заңдылықтары. Фольклор және ұлт тарихы. Фольклор жанрлары, классификациялау принциптері. Тұрмыс-салт жырлары, Лирикалық өлеңдер, халықтық проза түрлері, эпос, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар фольклоры т.б.</p> <p>Қүзіреттілігі: Фольклордың өзіндік табиғатын меңгереді, Қазақ фольклорының қалыптасу, даму кезеңдері жайлы мағлұмат алады, Қазақ фольклорының өзіндік ерекшеліктері, жанрлары туралы терең білім алады, Қазақ фольклорының жекелеген нұсқалары, олардың поэтикасы туралы жан-жақты білім алады.</p> <p>Пререквизиттер: Қазақ фольклоры (ауыз</p>	4

				<p>әдебиеті үлгілері) мектепте оқытылатын ана тілі, әдебиет пәндері мен факультативтік сабақтарда барлық сыныптарға арналған оқу бағдарламалары негізінде жүргізіледі. Сондықтан мектеп бағдарламасына сай алған білімдері негізінде студенттер қазақ фольклоры (қазақ халық ауыз әдебиеті) пәнін оқу үшін халық мұраларының синкретті түрі: тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөздер, мақал мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, аңыз-әңгімелер, ертегілер, эпостар, тарихи жырлар, айтыс өнері мәтіндерімен; сарындамалар (ғұрып фольклоры үлгілері): салт сөзі, қалып сөзі, ғұрып сөзі халық өнерінің түрлерімен таныс болуы керек</p> <p>Постреквизиттер: Бұл пән бойынша алынған білім кейінгі семестрлерде оқылатын әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ әдебиеті сынының тарихы пәндерін меңгеру үшін қажет. Сондықтан студенттің болашақ мамандығына қажетті теориялық және практикалық білім осы пәнді оқу барысында беріледі.</p>	
31	МББМ 1.3 Фольклор және әдебиет	FA 1212	Фольклор және әдебиет	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Қысқаша мазмұны: Күзиреттілігі: Пререквизиттер: Постреквизиттер:</p>	3
32	МББМ 1.3 Фольклор және әдебиет	EAN 3213	Ертедегі әдебиет нұсқалары	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Қысқаша мазмұны: Күзиреттілігі: Пререквизиттер: Постреквизиттер:</p>	3
33	МББМ 1.3 Фольклор және әдебиет	KK 4214	Қазақ комедиясы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Қысқаша мазмұны: Күзиреттілігі: Пререквизиттер: Постреквизиттер:</p>	3
Мамандыру бойынша білім беру бағыты №1 Мектептегі заманауи технологияларды оқыту					
Образовательная траектория №1 Современные технологии обучения в школе					
34	МБТМ 1.1 Оқу зерттеу модулі	CAST 3301	Қазақ әдеби сынының тарихы	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Әдебиет сыны әрқашан дәл өз тұсындағы әдебиеттің тірі процессіне белсене араласып, нақты әдеби туындыны жан – жақты талдау, оның идеялық көркемдік құнын белгілеу, өз кезінің эстетикасы үшін мәні мен маңызын анықтау арқылы, бір жағынан жазушыға жазғандарының бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетіп, оның творчестволық өсуіне тікелей көмек жасаса, екінші жағына оқырманды оқығандарының байыбына барып, оны жете түсініп, дұрыс бағалауға баулиды. Қазақ әдебиеттану нақты мәселелерді зерттеуде әдебиеттің ішкі даму заңдылықтарын, жанрлардың ерекшеліктері мен туу жолдарын анықтауға батыл қадам жасап отырған бүгінгі таңда әдебиетімізге зерттеліп жүрген проза, поэзия, драматургия жанрлары сияқты әдебиет сынының да тарихы мен қалыптасу процестері, өзіне тән шығармашылық жекелеген мәселелері зерттеуді қажет етеді. Осымен байланысты қазақ әдебиетінің сыны мен ғылымының тарихы кезеңдерін білу және қазіргі кезеңдегі сынның эстетикалық деңгейлерін студенттерге таныту пәннің негізгі мақсаты болып табылады. Сондай-ақ, әдеби сынның табиғаты мен</p>	2

				<p>әдістері, қызметі (функциясы) принциптері, түрлері, жанрлары туралы оқып үйрету “Қазақ әдебиеті сын тарихы” курсының мақсаты болып табылады.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Аталған пәннің негізгі көздеген мақсаты - әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, түсіну, талдау процестерімен тікелей байланысты болу керек. Сондай-ақ қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу кезеңдеріне әдебиет тарихы мен байланысын көрсету болып табылады. Бұл пәнді оқу барысында сыншылық ой-пікірлердің өрістеу жолдарымен оның өсу, даму жай-күйімен танысамыз. Сонымен қатар бұл курстың басты мақсаттарының бірі осы бір қиын да абыройлы жолға түсіру. Пәнді оқыту барысында шәкірттерді қазақ әдеби сынының пайда болу, қалыптасу жолдарынан, ұзақ тарихынан хабардар ету, әдебиеттің дамуы сыншы ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту.</p> <p>Құзыреттілігі: қарастырылып отырған мәселені нақты және дәйекті түрде көрсете білу, практикалық маңыздылықтың, тұжырымдардың және ұсыныстардың міндетті түрде болуы. Қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі ретіндегі ұлттық компонентті дамыту контекстінде жоғарғы педагогикалық білім беруді жетілдірудегі орындалып жатқан жобалары, құрастырылған тұжырымдамалары жайлы ақпараттың болуы құпталады.</p> <p>Пререквизиттер: Болашақ мамандарға қазақ әдебиет пәнін терең білу үшін қажетті әдебиеттер мен қосымша әдебиеттерді пайдалануды, оқу құралдарын, оқытудың жаңа технологияларын қолдануды меңгеруі керек. Студенттерді дербес пәнді оқып үйренуде ондағы білімдер философия, психология, тарих мәдениеттану және т.б. ғылымдардың өзара байланысына негізделеді.</p> <p>Постреквизиттер: Пәнді оқыту барысында алынған және меңгерілген білім, іскерлік пен дағдыны студент келесі пәндерді меңгеруде пайдалана алады: әлеуметтік психология, әлеуметтік педагогика, жеке пәндердің әдістемесі, қарым-қатынас этикасы.</p>	
35	МБТМ 1.1 Оқу зерттеу модулі	ASS 3302	Арнайы семинар	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: Арнайы семинар пәнін жоғары оқу орындарында оқытудың негізгі мақсаты - маман әдебиетші дайындау, оның жалпы қазақ әдебиеті туралы ғылымды жүйелі түрде меңгеру, игеру міндетімен сабақтас</p> <p>Қысқаша мазмұны: Әдебиеттің тарихи қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің даму жолдарын, әдебиеттің тектері мен түрлерін дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдықтың белгілерін тану.</p> <p>Пререквизиттері: Әдебиет пәнінен алғашқы теориялық ұғымдарды меңгеру керек және терминдерді есте сақтау дағдысы болуы керек.</p> <p>Постреквизиттер: Әдебиеттің тарихын зерттеуге қажет әдебиеттің проблемалық мәселелерін, даму жолдарын білу керек.</p>	3
36	МБТМ 1.1 Оқу зерттеу	АК 3303	Арнайы курс	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: ойшыл қаламынан туған озық туындыларды,</p>	3

	модулі			<p>дүниежүзі әдебиеттен алатын орны, қазақ халқын өркениетке жеткізудегі еңбегі, шығармаларының озық үлгілерімен таныстыру</p> <p>Қысқаша мазмұны: Ұлы жазушылардың әдеби шығармаларын шәкірттерге таныстырған соң, ондағы суреткердің көркемдік әлемін меңгеруге баса назар аудару қажет. Олардың білімін, түсінігін шындай түсу. Көркем шығармалардың мазмұны, тақырыбы және идеясымен қатар тіл шеберлігі мен стиліне де баса назар аударған жөн. Шығармада кейіпкерлер тілін талдау, жазушының стильдік ерекшелігін айқындай түседі.</p> <p>Пререквизиттері: Студенттердің бйынан өз мамндықтарына деген құштарлықты ояту. Өз мамадығының шебері дәрежесіне жеткізу.</p> <p>Постреквизиттер: Өз таңдауы бойынша тақырып таңдауы және оқытушымен курс аяқталғаннан кейін де қарым-қатынаста болуына болады</p>	
37	МБТМ 1.2 Білім модулі	РКТ 2304	Практикалық қазақ тілі	<p>Қысқаша мазмұны: Студенттердің сөздік қорын байыту, мақал-мәтел тұрақты тіркестерді орынды қолдана білуге дағдыландыру, сөз мағынасын терең түсіне білуге үйрету, сөз тіркестері мен сөз қолданыстарын меңгертумен қатар сауатты жазу, әдеби тілде мәдениетті сөйлей білуге жаттықтыру.</p> <p>Пререквизиттері: Әдеби тіл, оның нормалары, қазақ орфографиясы мен пунктуациясы, қазақ тілінің фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салаларынан базалық білімдері болу керек.</p> <p>Постреквизиттер: Қазақ әдеби тілінің тарихы, қазіргі қазақ тілі, курстарында «Практикалық қазақ тілі» бойынша меңгерілген білімдері пайдаланылады.</p>	3
38	МБТМ 1.2 Білім модулі	ZhTB 4305	Жалпы тіл білімі	<p>Қысқаша мазмұны: Жалпы тіл білімінің, соның ішінде тіл туралы ғылымның да дамуы бұрын белгісіз тың объектілерді, проблемаларды, зерттеудің жаңа амал-тәсілдерін туғызатыны, осы қағидаға сәйкес 20 ғасырда туып қалыптаса бастаған тіл біліміндегі әдістер, олар жөніндегі әр түрлі көзқарастар жинақталып түсіндіріледі.</p> <p>Пререквизиттері: «Жалпы тіл білімі» пәнінен білім алу үшін студенттердің тіл білімінің барлық салаларынан терең мағлұматы болуы керек. Яғни білім алушылар қазіргі қазақ тілі курсы толтық меңгеріп, лингвистиканың барлық сұрақтарын жете меңгерулері қажет. Сонымен қатар, олардың өз мамандықтарына қажетті термин сөздердің түсініктемесіне де жетік болулары талап етіледі.</p> <p>Постреквизиттер: Аталмыш пән бойынша алынған білім – педагогикалық университеттердің филология бөлімдерінде оқытылатын алғашқы теориялық пәндердің бірі. Бұл пән негізінен тіл білімінің негізгі ұғымдары мен терминдерін қарастырып, оның басты-басты теориялық мәселелерін баяндайды. Бұл пән қазақ тілінің теориялық деректерін түркі тілдерінің, орыс тілінің материалдары негізінде түсіндіреді.</p>	3
39	МБТМ 1.2 Білім модулі	КТТГ 4306	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	<p>Қысқаша мазмұны: Тарихи грамматиканың материалдарын меңгеру нәтижесінде ертеңгі жоғары білімді маманның санасында тарихи таным қалыптасады. Бүкіл мәдениет теңізінің негізгі қайнар бастауы саналатын тілдің тарихи даму жүйесі мен желісін меңгереді. Ал мұның өзі</p>	3

				<p>болашақ тіл маманының білімімен бірге білігі мен парасатын, сезімі мен түйсігін де айқындауға көмектеседі.</p> <p>Пререквизиттері: «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» курсы менгеру үшін көне түркі тілі және қазіргі қазақ тілінің фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис салаларын игеру қажет.</p> <p>Постреквизиттер: Бұл курс бойынша алынған білім түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, қазақ әдеби тілінің тарихы, тіл мәдениеті, синтаксис, жалпы тіл білімі курстарын менгеру үшін қажет.</p>	
40	МБТМ 1.2 Білім модулі	ВА 3307	Балалар әдебиеті	<p>Қысқаша мазмұны: Балалар әдебиеті – сөз өнерінің жеке бір өзекті саласы. Балаларға арналып жазылатын шығармалардың жасөспірімдердің ой-өрісін, сана-сезімін дамыта отырып, оларға заман талабына сай тәлім-тәрбие беруге бағытталатындығы осы пәннің айрықша ерекшелігі</p> <p>Күзиреттілігі: білім алушыларды балалар әдебиетінің эстетикамен байланысын сараптауға үйрету; студенттерді балаларға арналған көркем шығарманы талдаудың ұстанымдары мен әдістерімен таныстыру;</p> <p>Пререквизиттері: Балалар әдебиетін пәнінің мазмұнын «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне меңгерту, олардың педагогика, психология, әдебиеттануға кіріспе, халық ауыз әдебиеті пәндерінен алған білімдеріне сүйене отырып, олардың өзара байланысын ашып көрсету</p> <p>Постреквизиттер: Балалар әдебиетінің тууы мен қалыптасу тарихынан мәлімет беру; Балалар әдебиетіндегі қарастырылатын мәселелер жайлы мағлұмат беру; әдебиеттанудың өзге салаларымен байланысын зерттеу; әдеби дамудың қыр-сырын айқындату;</p>	3
41	МБТМ 1.2 Білім модулі	ShA 3408	Шығыс әдебиеті	<p>Қысқаша мазмұны: Шығыс әдебиеті – жоғары оқу орындарында сөз өнері мұраларының жанрлық түрлерін толық қамтып оқытатын пән.</p> <p>Күзиреттілігі: Студенттер курсты оқу барысында өзге елдің тарихын, терең тамырлы табиғатын, синкреттік сипатын таниды. Оны өзге ғылым салаларымен байланыстыра алады.</p> <p>Пререквизиттері: Шығыс әдебиеті көркемөнердің барлық салаларымен, тарихымен, этнографиясымен, философиясымен, психологиямен, педагогикамен т.б. ғылымдарымен байланыста оқыту міндеттеледі.</p> <p>Постреквизиттер: «Шығыс әдебиеті» курсы оқыту болашақ мамандарды өзге халықтардың дәстүрлі мәдениеті үлгілерімен, өнерінің түрлерімен жан-жақты таныстыруды қамтамасыз ететін білімдік үрдіс.</p>	3
42	МБТМ 1.2 Білім модулі	SheT 4309	Шетел әдебиеті	<p>Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері: 16-19 ғасырлардағы Батыс, Орталық, Оңтүстік Еуропа елдерінің тарихи тағдыры мен әдебиеттегі үш әдеби бағыттармен таныстыру. Сонымен қатар Испания, Франция, Англия, АҚШ елдері әдебиетінің көрнекті өкілдерінің ең таңдаулы еңбектерімен таныстыру да ең негізгі мақсаттардың біріне саналады.</p> <p>Қысқаша мазмұны: Шетел әдебиетін оқып –</p>	3

				<p>үйрену -әлемдік сөз өнері мұраларын игеру деген сөз. Сондықтан бұл пән әлемдік сөз өнері дамуының тарихына әдеби шолу жасауды мақсат тұтады.</p> <p>Күзиреттілігі: Студенттер курсты оқу барысында өзге елдің тарихын, терең тамырлы табиғатын, синкреттік сипатын таниды. Оны өзге ғылым салаларымен байланыстыра алады.</p> <p>Пререквизиттері: Қазақ өркениеті- әлем халықтары мәдениетінің көрнекті саласы. Ұлттық мәдени мұраларды әлемдік рухани құндылықтармен қатарлас меңгеру арқылы бүкіл өркениет «Шетел әдебиеті»-Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқытылып келе жатқан негізгі пәндердің бірі.</p> <p>Постреквизиттер: Шетел әдебиетін оқып-үйрену – Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының да басты мұрағаттарының бірі. Сондықтан бағдарламада адамзат тарихы дамуының біздің жыл санауымызға дейінгі антикалық мәдениетінен бастап, қазіргі заманға дейінгі әдеби-фольклорлық мазмұнын оқып- үйрену бағдарын желі ету көзделеді.</p>	
43	МБТМ 1.2 Білім модулі	АО3301	Әдебиет өнері	<p>Оқу мақсаты: Әдебиет өнерінің даму жолдарының қыр-сырын аңғарту, түсіну, талдау процесімен тіелей байланысты болғандықтан сынның туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету. Сыншылдық ой- пікірлердің өрістеу жолдары тек әдеби құбылыстарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік толғаныстарға іш тартып жататындықтан сын тарихын кең көлемде қарастыру. Елімізде әдеби сынның тарихына арналған еңбектерге шолу жасау. Оқыту нәтижесі: білуі керек: Қазақ баспа басылымдарындағы әдебиетке, әдебиет өкілдеріне, әдеби оқулықтарға қатысты айтылған сын пікірлерді білуі керек. меңгеруі керек: әдебиеттің идеялық, эстетикалық мағынасын тануды, ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық-адамгершілікті мәні мен маңызын меңгеруі тиіс. игеруі тиіс: Өзекті мәселелерді тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, бай әрі бағалы деректер негізінде нұсқалы, терең талдау жасауды игеруі тиіс. құзыретті болуы тиіс: Әдебиет өнері және сын тарихы бойынша қамтылған барлық мәселелер жөнінде, әдебиеттің ұлттық сипатын, әдет-ғұрып, салт-сана көріністерін жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, шығарманың идеялық- адамгершілікті мәні мен маңызын танытуда құзыретті болуы тиіс. Пререквизиттері: Қазақ әдеби тілінің тарихы 22 Курстың қысқаша мазмұны: Кіріспе. Әдеби сынның арналары. Халықтық эстетика. Әдеби сын элементтерінің әсері. Көне дәуірдегі сүбелі ойлар. Көне түрік жұртында туған әдеби-мәдени мұралардың ортақтылығы. Қазақтың ұлы ағартушы-демораттарының сыни ойлары. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектеріне сыни ой-пікірлер. Шокан – кыргыздың ұлы эпосы «Манасты» тұңғыш зерттеуші. Ыбырай жасаған «қазақ хрестоматиясының» тарихи мәні. А.Құнанбаев – сыншыл реализм дәстүріндегі жаңа</p>	

				эстетикалық мұратты қалыптастырушы.	
44	МБТМ 1.2 Білім модулі	ZhSh3302	Журналистік шеберлік	Болашақ журналистерді түрлі журналистік мәтіндерді құруға және олардың негізгі мәселелерін көрсете білуге үйрету. Оқыту нәтижесі білуі керек: мәтіннің түсінігін және журналистік мәтіндердің ерекшеліктерін; әр бағыттағы журналистік мәтіндердің өзіндік талаптарын; мәтінді құру ережесі және оның композициясы, шешімі, тақырыбын меңгеруі керек: журналистік мәтіннің қыр-сырын айқын меңгеру; журналистік туынды жасауда пайда болған негізгі қателіктерді таба білуді; композициядағы кемшіліктерді толықтыру, журналистік түрлі мәтіндердің тақырыбын сауатты таңдай білу. игеруі тиіс: мәтінді құру дағдысын және тақырып қоя білуді; журналистік мәтіндерді құруды. құзыретті болуы тиіс: жергілікті пресстадағы журналистік мәтіндерді талдауда; журналистік туынды жасауда пәкткен негізгі қателіктерді таба білу.	
45	МБТМ 1.2 Білім модулі	SHO3303	Шешендік өнер	Пререквизиттер: Қазақ халық ауыз әдебиеті Курстың қысқаша мазмұны: Шешендік өнердің тарихы. Қазақтың шешендік өнерінің тарихы. Шешендік сөздердің мазмұны мен құрылысы. Шешендік сөздердің көркем тілдік сипаты. Шешендік өнердің өзге ғылым салаларымен байланысы. Шешендік өнерді меңгерту жолдары. Оқу мақсаты: Студенттерді көркем текстің эстетикалық мәнін ескеріп, оның тілдік құрылымын жүйелі талдауға даярлау. Оқыту нәтижесі: Курсты оқу барысында студенттер: білуі керек: көркем шығарманы, оның образды-поэтикалық бітім-бейнесін зерттеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту. қолдана білуі керек: жазушының көркем тексте бейнеленген идеялық-эстетикалық ой түйінін ғылыми жолмен түсініп қолдана білуі керек. меңгеруі керек: лингвистикалық тұрғыдан талдау жасалып, қалыпқа түскен мәтіндерді күнделікті өмірде және қоғамдық өмірдің сан саласында меңгеруі керек. Постреквизиттер: XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихы (1900-1930)	
46	МБТМ 1.2 Білім модулі	KTOS2304	Қазақ тілінің орфографиясы мен стилистикасы	Оқу мақсаты: Стилистика, тіл мәдениеті, сөз мәдениеті, әдеби тіл теориясы, ұқсастығы мен айырмашылықтары. Тіл мәдениетінің негізгі салалары. Тіл мәдениеті, орфографиялық норма, орфоэпиялық норма, грамматикалық норма. Тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, баспасөз тілінің мәдениеті, көркем әдебиеттің тілі қазақ тіл мәдениетін дамытудағы ролі. Сөз мәдениетін оқытудың мақсаттары мен міндеттері, сөздің түрлері, сөз әдебі, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыстарды анықтау мәселелері. Оқыту нәтижесі: білуі керек: Стилистика және сөйлеу мәдениетін меңгеру арқылы өз ойын тиянақты, жүйелі жеткізуі, мәдениетті, сауатты сөйлеуі, тек әдеби тілді пайдалана білуі керек. меңгеруі керек: Ғылыми ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен тамырлас алып, жан-жақты терең меңгеруі керек. игеруі тиіс: Сөз қателіктері, сөйлеу нормалары, лингвистикалық экология, лингвистикалық болжау орталықтарын игеруі тиіс. құзыретті болуы тиіс: Жалпы халықтық тіл және	

				оның жазылу нормаларын, функционалды стилистиканың түрлерін айқындауда құзіретті болуы керек Пререквизеттері: Функционалдық стилистика және іскерлік қарым- қатынас Курстың қысқаша мазмұны: Кіріспе. Стилистиканың зерттейтін мәселелері. Функционалдық стилистика. Стилистика ғылымының ұғымдары. мен категориялары туралы. Стилистикалық коннотация. Функционалдық стилистика. Ауызекі сөйлеу тілі. Ресми стиль. Ғылыми стиль. Публицистикалық стиль. Көркем әдебиет стилі (тілі). Тіл ярустары лингвистикасы. Грамматикалық стилистика. Безендіру стилистикасы.	
47	МБТМ 1.2 Білім модулі	МОНН4305	Мәтінді өңдеу және рефераттау негіздері	Пререквизиттері: Қазақ тілінде жазылған көркем шығарма мәтінін талдау, өңдеу, әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы. Постреквизиттер: Осы пәнді оқу арқылы әдебиеттегі барлық жанрларды түр-түріне қарай бөліп оларды әдеби, ғылыми тұрғыда өңдеуге машықтанады. Пәннің мазмұны: Әдебиеттегі барлық жанрдағы көркем шығармаларды жан-жақты талдап, оларға ғылыми негізде баға беріп, астарлы тұстарын саралап шығармашылық талдаулар жасауға үйрету ісі әдебиеттану ғылымында ерекше мәнге ие. Осы пәнді оқу арқылы әдеби талдау мәселесін шешуге біршама дағдылану үрдісі жүретіндігі анық. Құзыреттілігі: Әдебиет- ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы; шығарма арқауы шындықты өңдеп өмірге әкелу. Жалғыз- ақ мына жайға көңіл аударғымыз келеді: өмірде не болса, соның бәрі көркем шығармаға өзектеп өңдеп, рефераттау оқиға болып ене бермейді. Жазушы өмірдегі сан- сапа шындықтан өзінің суреткерлік мақсатына керегін ғана тандап алып, шығармасына арқау етеді.	
48	МБТМ 1.2 Білім модулі	TKN4306	Тілдік қатынас негіздері	Оқу мақсаты: Болашақ ұстаздың тіл ғылымының салаларымен байланысты сауатты жазу ережелерінің бағдарламалық материалдарын студенттерге тиянақты да жүйелі үйрететін іскерліктерін шыңдау. Сауатты жаза білетін ұрпақ тәрбиелеу үшін білімді ұстаз тәрбиелеу. Оқыту нәтижесі: білуі керек: орфографиялық ережелер және олардың тармақтары, орфография ережелерін іске асыруға арналған құралдар, олардың құрылымы, тыныс белгілерінің құрамы, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналары, қолданылу ережелері, емле ережелерін, тыныс белгілерінің өзіндік интонациялық ерекшеліктерін, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу. меңгеруі керек: емле ережелерінің заңдылықтарын, тыныс белгілерінің қолданыс аясын игеруі тиіс: емле ережелерін практикада қолдана білуі керек, тыныс белгілерінің өзіндік интонациялық ерекшеліктерін жазуда қолдана білуі керек, тыныс белгілерін дұрыс қолдана білуі керек. құзыретті болуы тиіс: практикалық негізде орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтарды пайдалану. Пререквизеттері: Тіл біліміне кіріспе Курстың қысқаша мазмұны: Орфография ережелері. Әріптердің емлесі. Дауыссыз дыбыс әріптердің емлесі. Түбір сөздердің жазылуы. Қосымшалардың жазылуы. Бірге жазылатын сөздер. Дефис арқылы	

				жазылатын сөздер. Шылаулар мен одағайлардың жазылуы. Бас әріптің қолданылуы. Пунктуация ережелері. Пунктуацияның зерттеу нысаны, міндеттері, маңызы. Тыныс белгілердің қалыптасуы мен даму жолдары. Қазақ тілі пунктуациясының жүйесі. Нүкте. Нүкте қойылатын орындар. Сұрау белгісі және қойылатын орындары. Леп белгісі және қойылатын орындар. Сөйлем ішінде келетін тыныс белгілері. Үтір және қойылатын орындар. Сызықша және қойылатын орындары. Қос нүкте және қойылатын орындары. Нүктелі үтір. Тырнақша. Постреквизиттері: Нормативтік қазақ тілі	
49	МБТМ 1.2 Білім модулі	АВІ3307	Абайтану	<p>Құзыреттілігі: Абайды тану арқылы өзін-өзі тануды, белгілі бір нәрсеге пікір айтуды, өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктіліктің болуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Пререквизиттер: Жок Пәннің мақсаты: Абайтану курсы студенттердің ХІХ ғасырда Абайдың өмірі мен шығармашылығы төңірегінде алған білімдерін одан әрі тереңдете түсуге, Абай өлеңдерінің, кара сөздерінің, поэмаларының және көркем аудармаларының ішкі табиғатына талдай үңілу арқылы оларға ұлы ақын талантының көркемдік-эстетикалық мәнін кең ауқымда игертуді мақсат етеді. Қысқаша мазмұны Абайтану пәніне кіріспе. Абай өмірбаяны - Абайтанудың іргелі саласы. Абайтанудың алғашқы негізі. Абай өмірбаяны және ондағы тарихи деректер көзі. Абай өмірбаяны жайлы соңғы деректер. Абай өмірбаянының төрт нұсқасы. Өмірбаяндық деректерді екшеу тәсілдері М. Әуезов - Абай шығармаларын жинаушы және текстологы. Абай шығармаларының таралу жолдары. Абай өлеңдерін түпнұсқа қалпына келтіру. Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтау. Абай шығармаларындағы арнау өлеңдердің жазылу сыры. Абай поэзиясының өрнек -үлгісін қалыптастыру. М. Әуезовтің текстологиялық зерттеулері. Ақын шығармаларының канондық тексін жинаудың негізі. Абай мұрасының шығысқа катысы М. Әуезов зерттеуінде .</p>	
50	МБТМ 1.2 Білім модулі	TR3308	Тарихи роман	<p>Оқу мақсаты — белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туған шығарма. Тарихи шығармаларда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеледі.</p> <p>Құзыреттілігі :Бұл жанрда жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Тарихи роман негізін тарихта болған оқиға желісі құрайды. Тарихи роман кейіпкерлері де - өмірде болған адамдар.</p>	

51	МБТМ 1.2 Білім модулі	ДТ4309	Драма теориясы	<p>Оқу мақсаты- оқиғаға қатысатын адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма-қол көрсететін күрделі жанр—“әдебиет-тің ең қиын түрі” (Горький). Белинскийдің байыптауына бақсақ, эпос пен лирика “ақиқат әлемнің екі қиыры” болса, драма — сол екі қиырдың қосындысынан туған “үшінші, тірі, өз алдына бөлек”, аралық әлем — “поэзияның жоғарғы тегі, өнердің биік өрі”.</p> <p>Құзыреттілігі:Драматургия мәселесін қозғағандардың барлығы,бәрінен бұрын,оның қиындығын айтады.Мұнда үлкен себептер бар.Өзге жанрлардай емес,драматургиялық шарттылық көп.</p>	
----	--------------------------	--------	----------------	---	--

Кафедра мәжілісінде қаралды № 1 хаттама 29.08.2017ж

Кафедра меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор _____ Бахадырова С.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша элективті пәндер каталогын құрастырғандар

ф.ғ.к., аға оқытушы _____ Баймыш Л.Қ.

магистр, аға оқытушы _____ Маханбетова Г.М.

